

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және моллюскалардың жекелеген түрлеріне және антарктикалық крильге қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ Кеден одағы Комиссиясы мен Еуразиялық экономикалық комиссияның кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 27 қарашадағы № 163 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы 2015 жылғы 29 мамырдағы келісімнің 2.4-бабына және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарлар әкелудің және олардың айналымының кейбір мәселелері туралы 2015 жылғы 16 қазандағы хаттаманың үшінші бабының 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасынан позициялар алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына позициялар енгізілсін;

в) №3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 51С ескертпемен толықтырылсын:

"51С) Кедендік құннан 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 27 қарашадағы № 163 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 31.12.2019 дейінгі аралықта қолданылады".

2. №4 қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 27 қарашадағы  
№163 шешіміне  
№ 1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің  
Бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын  
ПОЗИЦИЯЛАР**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Қос. өлшем бірлігі
0306 19 900 0	----- өзгелері	-
1605 40 000 0	--- өзге де шаян тәріздестер	-

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 27 қарашадағы  
№163 шешіміне  
№ 2 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар  
номенклатурасына енгізілетін  
ПОЗИЦИЯЛАР**

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы			Қос. өлшем бірлігі
0306 19 900	---	өзгелері		
0306 19 900 1	---	антарктикалық криль ( <i>Euphausia superba</i> )	-	
0306 19 900 9	---	өзгелері	-	
1605 40 000	---	өзге де шаян тәріздестер		
1605 40 000 1	---	жылумен өңделген, бастапқы орамдағы таза массасы 2 кг асатын криль еті	-	
1605 40 000 9		өзгелері	-	

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2017 жылғы 27 қарашадағы  
№163 шешіміне  
№ 3 ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құннан пайызбен не евромен, не АҚШ долларымен)
0306 19 900 1	----- антарктикалық криль ( <i>Euphausia superba</i> )	3 <sup>51C</sup>
0306 19 900 9	----- өзгелері	7
0307 43 190 0	----- өзгелері	7 <sup>51C</sup>
0307 43 380 0	----- өзгелері	8 <sup>51C</sup>
0307 43 900 0	----- өзгелері	7 <sup>51C</sup>
0307 52 900 0	----- өзгелері	8 <sup>51C</sup>
1605 40 000 1	----- жылумен өңделген, бастапқы орамдағы таза массасы 2 кг асатын криль еті	5, бірақ 1 кг үшін 0,1 евродан кем емес <sup>51C</sup>
1605 40 000 9	----- өзгелері	15, бірақ 1 кг үшін 1,5 евродан кем емес
1605 53 900 0	----- өзгелері	8 <sup>51C</sup>

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының  
2017 жылғы 27 қарашадағы  
№163 шешіміне  
№ 4 ҚОСЫМША

### Кеден одағы Комиссиясының және Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулықта:

а) көрсетілген Нұсқаулыққа № 2 қосымшаның I бөліміндегі ЕАЭО СЭҚ ТН мынадай кодтары тиісінше ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарымен ауыстырылсын:

"0306 19 900 0" – "0306 19 900";

"1605 40 000 0" – "1605 40 000";

б) көрсетілген Нұсқаулыққа № 4 қосымшаның II бөліміндегі ЕАЭО СЭҚ ТН 0306 19 900 0 коды ЕАЭО СЭҚ ТН 0306 19 900 кодымен ауыстырылсын.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 59 шешімімен бекітілген Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының мөлшерлемелерімен

салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін қолданатын тауарлардың және осындай баждар мөлшерлемелері мөлшерінің тізбесінде:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 0307 43 190 0, 0307 43 380 0, 0307 43 900 0 және 0307 52 900 0 кодтары бар позиция алып тасталсын;

б) ЕАЭО СЭҚ ТН 0306 19 900 0 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициямен ауыстырылсын:

"0306 19 900 9 ----- өзгелері 0";

в) ЕАЭО СЭҚ ТН 1605 40 000 0 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициямен ауыстырылсын:

"1605 40 000 9 ----- өзгелері 12".

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы 2015 жылғы 29 мамырдағы келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері қолданылатын жекелеген тауарлардың және осындай мөлшерлемелер мөлшерінің тізбесінде:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 0306 19 900 0 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"0306 19 900 0	----- -	антарк тикал ы қ криль ( <i>Euph ausia superb a</i> )	6,7	5,0	3,3	1,7	0	0	0	0	0	0
0306 19 900 9	----- -	өзгеле рі	6,7	5,0	3,3	1,7	0	0	0	0	0	0";

б) ЕАЭО СЭҚ ТН 1605 40 000 0 коды бар позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

"1605 40 000 1	--	жылум е н өңделг ен, бастап қы орамда ғы таза массас ы 2 кг асатын криль еті	16,4, бірақ 1 кг үшін 1,636 еврода н кем емес	14,5, бірақ 1 кг үшін 1,455 еврода н кем емес	12,7, бірақ 1 кг үшін 1,273 еврода н кем емес	10,9, бірақ 1 кг үшін 1,091 еврода н кем емес	9,1, бірақ 1 кг үшін 0,909 еврода н кем емес	7,3, бірақ 1 кг үшін 0,727 еврода н кем емес	5,5, бірақ 1 кг үшін 0,545 еврода н кем емес	3,6, бірақ 1 кг үшін 0,364 еврода н кем емес	1,8, бірақ 1 кг үшін 0,182 еврода н кем емес	0
----------------------	----	--	---	---	---	---	--	--	--	--	--	---

1605 40 000 9	--	өзгеле рі	16,4, бірақ 1 к г үшін 1,636 еврода н кем емес	14,5, бірақ 1 к г үшін 1,455 еврода н кем емес	12,7, бірақ 1 к г үшін 1,273 еврода н кем емес	10,9, бірақ 1 к г үшін 1,091 еврода н кем емес	9,1, бірақ 1 к г үшін 0,909 еврода н кем емес	7,3, бірақ 1 к г үшін 0,727 еврода н кем емес	5,5, бірақ 1 к г үшін 0,545 еврода н кем емес	3,6, бірақ 1 к г үшін 0,364 еврода н кем емес	1,8, бірақ 1 к г үшін 0,182 еврода н кем емес	0".
---------------------	----	--------------	---	---	---	---	--	--	--	--	--	-----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ